

Бірлік негізгі мектебі» КММ
«Жол қауіпсіздік ережелері» бойынша
2021 – 2022 оқу жылына арналған жоспар
Жолда жүру ережесін оқыту бағдарламасы
1-4-сынып

№	Айлар	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өткізетін күні
1	қыркүйек	Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері. Көше күтпеген оқиғаларға толы.	1	
2	қазан	Жаяу жүргінші өтпелері.	1	
3	желтоқсан	Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам. Реттеуші және оның белгілері.	1	
4	наурыз	Мектепке жол (Сенің күнделікті бағытың.)	1	
5	сәуір	Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.	1	
6	мамыр	Қорытынды сабақ.	1	
Барлығы:			6	

Жолда жүру ережесін оқыту бағдарламасы

5-8-сынып

№	Айлар	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өткізетін күні
1	қыркүйек	Біздің қала (ауыл), аудан	1	
2	қазан	Жол таңбаларының белгіленуі.	1	
3	қараша	Қосымша секциялары бар бағдарламалар.	1	
4	желтоқсан	Жол реттеушісінің белгілері.	1	
5	қаңтар	Жол жүру белгілері және олардың қолданысы.	1	
6	ақпан	Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері. Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ. Қоғамдық көлік.	1	
7	наурыз	Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа райының әсер етуі.	1	
8	сәуір	Велосипедпен жүру.	1	
9	сәуір	Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буын шығып кеткен	1	

		кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ержелері.		
10	мамыр	Қорытынды сабақ.	1	
Барлығы:			10	

Орындаған: Тәлімгер Б.В.Ақпарова

«Бірлік негізгі мектебі» КММ
«Жол қауіпсіздік ережелері» бойынша
2021 – 2022 оқу жылында атқарылған жұмыстар.

1. Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-ші сыныптан бастап 8-ші сыныпқа дейін жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып, айына бір рет қана жүргізіледі.
2. Жол қозғалысы ережелерін игеруіне 1-4 сыныптарына жылына әр сыныпқа берілген 6 сағатты сыныптан тыс тәрбие сағаттарының есебінен өту сынып жетекшілерге міндеттелген.
3. Жол қозғалысы ережелерін игеруіне 5-8 сыныптарына жылына әр сыныпқа берілген 10 сағатты сыныптан тыс тәрбие сағаттарының есебінен өту сынып жетекшілерге міндеттелген.
4. Жолда жүру ережелері қозғаласын игеру мақсатында «Жас инспекторлар» жасағы ұйымдастырылған
5. «Жас инспекторлар» жасағын ұйымдастыру және жұмысын жыл бойы жүргізу тәлімгер Б.В.Ақпароваға міндеттелген.

Жол қозғалысы ережелерін оқыту сабағы жалпы мектептің бастауыш сыныптары мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен іске асырылады. Оқыту және сыныптан тыс жұмыс процесінде оқушыларды көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қозғалысы ережелерін мүлтіксіз орындауға тәрбиелеуге ықпал жасайтын қысқаметражды бейнефильмдер көрсетілді. Мектепте сынып оқушыларымен өткізілген жиналысында «Жолда жүру ережесін сақтайық» жол ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



16.09.21ж. "Бірлік негізгі мектебі" КММ-нде жол-көліктік жарақаттанудың алдын алу іс- шарасы өткізілді. Оқушылар арасында «Жол жүру ережесі» сюжеттік рөлдік ойынын жүргізіліп, жолдағы қауіп – қатерден қорғану шаралары көрсетілді.

Мақсаты. Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, еске сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыдарын қалыптастыру, жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру.



16.09.2021ж. Мектебімізде жолда жүру ережесіне байланысты "Жолда жүру ережесінің әліппесі" тақырыбында ЖЕЕ бұрышы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балаларға жолда жүру ережесін еске түсіру арқылы ой өрісін тiлiн дамыту. Ис жүзінде жол ережесін сақтауға үйрету.



17.09.2021ж. Мектебімізде 1-4 сынып оқушылары арасында жолда жүру ережелерін меңгерту мақсатында тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол ережелерін үйрету мақсатында сынып сағаттарында бейнебаяндар көрсетілді.

Мақсаты: Оқушылар әр уақытта сақ және жолда мұқият болуға, жол ережелерін бұзбай жүруге, тәртіпті сақтауға шақыру.



Балалар біздің келешегіміздің кепілі, дені сау ұрпақ Қазақстанның қарыштап қанат жаю жолында бүгінді ертеңгі жалғаушы дәнекер. Осы жолда жас ұрпаққа саналы білім мен рухани тәрбие беріп қана қою аз, біз оларға төнетін өзге де қауіптің алдын алуымыз шарт. Алтын ұя мектебіміз ауылдың шыға берісте ауылдың басты жолының жанында орналасқан. Орталық жерден өтетін ерсілі-қарсылы машиналар және тракторлар саны көп. Сондықтан әрбір оқушы күнделікті мектепке келерде көшеде жүру тәртібін жақсы білуі керек. Оқу жылының басында «Жол қауіпсіздік ережелері» бойынша іс-шаралар жоспары жасалды. Осы жоспар бойынша мектепте іс-шаралар өтті. Жалпы білім беретін мектептердің 1–8 сыныптарына арналған Жолда жүру ережелерінің оқубағдарламасын басшылыққа ала отырып сынып жетекшілер жұмыстар атқарып келеді. Мектеп коридорында «Жолда жүру ережесі» бұрышы жасалды. Қыркүйек айында 1-4 сынып жетекшілері «Мектепке барар қауіпсіз жол» тақырыбында сынып сағаттарын өтті. Сынып жетекшілер «Абайлаңыз балалар» тақырыбында ата-аналарға онлайн түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Аға тәлімгер Б.В.Ақпарова 5-7 сынып оқушыларымен «Жол қауіпсіздік ережелері» тақырыбында сайыс сабақ өтті. «Қауіпсіз мектеп» акция аясында мектеп медбикесі Б.Т.Баймолдина «Жарақат алған кездегі алғашқы жәрдем» тақырыбында баяндама оқыды. Педагог-психолог Г.Е.Жатаева 8-сынып оқушыларымен «Жол ережесін сақтаймыз» тақырыбында флэшмоб өтті. Викториналар, жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалысы қауіпсіздігі жөнінен жарыстар ұйымдастырылды. Бастауыш сынып мұғалімдері «Көшеде жүру тәртібі» тақырыбында сынып сағаттарын өтіп қысқаметражды кинофильмдер көрсетті. Барлық сыныптарда «Жол қауіпсіздік ережесі» бойынша іс-шаралар кестеге сай өткізілді.



Тәлімгер: Б.В.Ақпарова